



# КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

**«РЭМИКС-Р»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
(«РЭМИКС-Р» АҚ)**

**2 000 000 000 (екі миллиард) теңге сомаға  
2 000 000 (екі миллион) дана  
қамтамасыз етілмейтін купондық облигациялар**

Облигациялар шығарылымын уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі инвесторларға Анықтамада айтылған облигацияларды сатып алу жөнінде әлдебір ұсыныстар жасалуын білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган осы құжатта бар ақпараттың растығы үшін жауапты емес. Облигациялар шығарылымы Анықтамасының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды адамдары осы Анықтамада бар ақпараттың растығы үшін жауапты және онда берілген ақпараттың түгелдей рас екенін және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды адастырмайтынын қуаттайды.

Алматы, 2007

## 1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

### 2. Эмитенттің атауы.

	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«РЭМИКС-Р» акционерлік қоғамы	Акционерное общество «РЭМИКС-Р»	«Remix-R» Joint Stock Company
Қысқартылған атауы	«РЭМИКС-Р» АҚ	АО «РЭМИКС-Р»	JSC «Remix-R»

Эмитент атауының өзгертілуі:

№	Толық атауы	Қысқартылған атауы	Өзгертілген уақыты
1.	«РЭМИКС-Р» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«РЭМИКС-Р» ЖШС	23.12.2003
2.	«РЭМИКС-Р» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«РЭМИКС-Р» ЖШС	13.02.2004
3.	«РЭМИКС-Р» акционерлік қоғамы	«РЭМИКС-Р» АҚ	22.06.2004

### 3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Тіркеу органының атауы:	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қаласы бойынша Әділет басқармасы
Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің уақыты мен нөмірі	22.06.2004 жылғы № 63946-1910-АО

"РЭМИКС-Р" Акционерлік қоғамын мемлекеттік қайта тіркеу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қаласы бойынша Әділет басқармасы берген 22.06.2004 жылғы № 63946-1910-АО куәлік.

### 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Тіркеу нөмірі:	600800507213
----------------	--------------

### 5. Эмитент орналасқан жер туралы мәлімет, байланыс телефондары мен факс нөмірлері, электронды почта мекен-жайы.

Заңды және толық почта мекен-жайы:	050030, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бекмаханов к., 93
Телефондар/факс:	+7 (327) 221 44 83, 237 29 14
E-mail:	<a href="mailto:remixr@mail.ru">remixr@mail.ru</a>

## 6. Эмитенттің банк деректемелері.

Банк атауы мен деректемелері	Банк орналасқан жер	Эмитенттің банк деректемелері
«Темірбанк» АҚ АФ МФО: 190 501 793	Алматы қ.	ИИК: 038 467 621

## 7. Эмитент қызметінің түрлері

Эмитент қызметінің түрлері:

- § Өндірістік-техникалық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, тұрғын үйлерді, жабдықты және басқа да мүлікті жалға (соның ішінде лизинг шартымен) беру;
- § Салынған жылжымайтын мүлік объектілерін жалға (соның ішінде лизинг шартымен) беру және сату жолымен кәсіпкерлік қызметте одан әрі пайдалану үшін құрылысты қаржыландыру;
- § Девелоперлік қызмет;
- § Құрылыс материалдарын өндіру;
- § Импортталатын, сондай-ақ отандық құрылыс материалдарымен, бұйымдармен және құралдармен сауда жасау;
- § Көтерме және бөлшек сауда;
- § Жабдық, құрылыс материалдары, құралдар, шикізат, жиынтықтылау бұйымдары, конструкциялар экспорты мен импорты;
- § Құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстары;
- § Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру;
- § Ақпараттық, инжинирингілік, маркетингтік, делдалдық, дилерлік және дистрибуторлық, өкілеттік және өзге де қызметтер көрсету;
- § Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет.

## 8. Халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері эмитентке рейтингілер бергені туралы куәліктер.

Қазіргі кезде Эмитентте халықаралық немесе отандық агенттіктерден рейтингілік бағалау алған жоқ.

**Егер эмитентке қаржы агенттігінің мәртебесі берілген болса, уәкілетті орган қаулысының уақытын, нөмірін көрсету керек.**

Эмитентке қаржы агенттігінің мәртебесі берілген жоқ.

## 9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген уақыты, орналасқан жері және почта мекен-жайлары.

Акциялар Анықтамасы шығарылған уақытта Қоғамда филиалдары мен өкілдіктер болған жоқ.

## 10. Эмитенттің қаржы есептілігіне аудит жасайтын (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, есімі, бар болса - әкесінің аты), олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) қатыстылығы.

Эмитент аудиторлық қызметер көрсету туралы «Соломон» аудиторлық компаниясы ЖШС тәуелсіз аудиторлық фирмамен (2004 жылғы 21 қаңтардағы № 0000265 мемлекеттік

лицензия) 2004 және 2005 жылғы қаржы есептілігіне аудит жүргізуге 2006 жылғы 06 наурызда № А-12\6А шарт жасасты, аудитор Сүлейменова Алма Дулатқызы, № 0000543 біліктілік куәлігі, ҚР аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген (2003 жылғы 08 шілдедегі № 16-Р шешім).

Эмитент «Сараптау-бағалау Орталығы» ЖШС-мен (Мемлекеттік лицензия № ЮЛ – 00308 (37249-1910- ЖШС) 2003 жылғы 28 қарашада ҚР ӘМ Тіркеу қызметі комитеті берген), директордың орынбасары О.Г.Кузнецов атыннан бағалау жүргізуге: Тапсырысшы мүлкінің рыноктық құнын анықтауға 2006 жылғы 28 қарашадағы № 415 шартты жасасты.

### **Заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілердің толық ресми атауы.**

#### Қаржы кеңесшісі:

Эмитент «Казкоммерц Инвест» АҚ-мен қаржы кеңесшісі қызметін көрсету туралы 2006 жылғы 24 сәуірде нөмірсіз келісім жасасты.

АО «Казкоммерц Инвест» – Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі. Нақты ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға 18.03.2004 жылғы № 0401200738 мемлекеттік лицензиясы бар.

#### Қаржы кеңесшісі және андеррайтер:

Эмитент «Сентрас Секьюритиз» АҚ-мен қаржы кеңесшісі және андеррайтер қызметін көрсету туралы 2007 жылғы 25 маусымдағы нөмірсіз келісім жасасты.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ – Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі.

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік – тіркеу нөмірі: 62155-1910-АО, 02.09.2004 жыл.

#### Лицензиялар:

1. Нақты ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға 22.09.2004 жылғы № 0401200886 лицензия.
2. Инвестициялық портфельді басқару қызметімен шұғылдануға 22.09.2004 жылғы № 0403200223 лицензия.

**Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған болса, шартты бұзудың себептері туралы ақпарат беру, оған қай жақтың бастамашы болғанан көрсету керек.**

Жоғарыда аталған тұлғалармен шартты эмитент бұзған жоқ.

**11. Эмитент корпорациялық басқару кодексін қабылдаған уақыт (егер оның қабылдауы қоғамның жарғысында көзделген жағдайда).**

«РЭМИКС-Р» АҚ-ның корпорациялық басқару кодексі 2006 жылғы 31 наурызда акционерлердің Жалпы жиналысында бекітілді.

## **2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

### **12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.**

Қоғам органдары:

- 1) Ең жоғары орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) Атқару органы – **Атқарушы директор.**

**Акционерлердің Жалпы жиналысы**

*Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:*

- 1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпорациялық басқару кодексін, сондай-ақ оған түзетулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) есеп комиссиясының сан құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) директорлар Кеңесінің сан құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
- 8) қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 10) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) осы Жарғыда және қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлар пайда болған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімдер қабылдау;
- 12) активтердің жалпы алғанда Қоғамға қарасты барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызы болып табылатын бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін табыстау жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 13) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерді хабардар етуінің нысанан анықтау және ондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның акцияларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес сатып алуы кезінде акциялар құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістемені Жалпы жиналыс бекітпеген болса, оны бекіту);
- 15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат берудің тәртібін анықтау, соның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғам жарғысында белгіленбеген болса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 18) өздері бойынша шешім қабылдау осы жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

**Директорлар кеңесі**

*Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:*

- 1) Қоғам қызметінің басты бағыттарын анықтау;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделгендегіден басқа жағдайларда акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар мөлшері шегінде акциялар орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар мөлшері, оларды орналастыру (өткізу) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 7) Қоғамның Атқарушы директоры уәкілеттіктерінің мерзімін анықтау, сондай-ақ оның уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Қоғамның Атқарушы директорының лауазымдық айлықақысының мөлшерін, оған еңбек ақысын төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) корпорациялық хатшы уәкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, анықтау, оның уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпорациялық хатшы лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 11) аудиторлық ұйым қызметтері, сондай-ақ бағалаушының Қоғам акцияларына төлем ретінде берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің рыноктық құнын бағалау жөніндегі қызметтері ақысының мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсаттарында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқаларын), соның ішінде аукциондар өткізудің және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
- 16) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты анықтау;
- 18) Ірі мәмілелер және Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
- 19) Комитеттер құру, олардың сан құрамын бекіту, комитеттердің мүшелерін, сондай-ақ комитеттердің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту туралы шешім қабылдау;
- 20) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

### Атқарушы директор

Атқарушы директор Қоғам Жарғысына сәйкес:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тараптармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;
- 3) Қоғамның үшінші тараптармен қарым-қатынастарында оның өкілі болуға сенімхат береді;
- 4) Қоғамның қызметкерлерін (осы Заңда белгіленгеннен басқа жағдайларда) қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан шығарады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларының және Қоғамның штат кестесіне сәйкес айлық ақыға үстемелердің мөлшерін анықтайды, Қоғам қызметкерлерінің, Қоғамның атқарушы органы мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерден басқаларының, сыйлық ақысының мөлшерлерін белгілейді;
- 5) өзі болмаған кезде өз міндеттерін орындауды өз қызметкерлерінің (орынбасарларының) біріне жүктейді;
- 6) міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын қызметкерлер (орынбасарлар) арасында бөледі;
- 7) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекітеді;
- 8) өкілдіктер мен филиалдардың басшыларын, басшылардың орынбасарларын, бас бухгалтерлерін уәкілетті органның келісімімен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тағайындайды;
- 9) Қоғам қызметкерлерінің кәсіптік даярлығы және қайта даярлықтан өтуі туралы мәселелерді шешеді;
- 10) Қолданыстағы заңнамада, жеке еңбек шарттарында, акционерлердің Жалпы жиналысының және мен директорлар Кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### Ішкі аудит қызметі

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметінің құрылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметін құрудың және оның қызметінің тәртібі, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар Кеңесінің және атқару органының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы соның алдында есеп береді.

### **13. Эмитенттің директорлар Кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері.**

№	Директорлар Кеңесі мүшелерінің аты-жөні және туған жылы	Қазіргі кезде және соңғы үш жылда, соның ішінде қосымша атқаратын қызметтері	Эмитенттің төленген жарғылық капиталындағы 05.06.2007 жылдағы үлесі
---	---	--	---

1.	Ан Юрий Николаевич, 1959 т.ж. (директорлар Кеңесінің Төрағасы)	2003 ж. 1 қаңтардан 2003 ж. 31 желтоқсанға дейін «Best U.A.» ЖШС Бас директоры 2004 ж. 1 қаңтардан 2004 ж. 31 желтоқсанға дейін «Қорғау» ЖЗҚ АҚ ӘШБ бастығы. 2005 жылғы 1 қаңтардан осы кезге дейін «Каз Кор Стройинвест» ЖШС Бас директоры	жоқ
2.	Сержанов Ғалымжан Кенжетайұлы, 1975 т.ж. (директорлар Кеңесінің мүшесі)	2003 ж. 1 қаңтардан 2004 ж. 31 желтоқсанға дейін «Фацет» ЖШС Бас директоры 2004 жылғы 1 қаңтардан осы кезге дейін «Союз Комплект Казахстан» ЖШС Бас директоры	жоқ
3.	Тажибаев Зараб Рүстемұлы, 1981 т.ж. (директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор)	2003 ж. 1 қаңтардан 2004 ж. 31 желтоқсанға дейін «Техник Плюс Казахстан» ЖШС Бас директоры 2005 жылғы 1 қаңтардан осы кезге дейін «Отау - Синема» ЖШС Бас директоры	жоқ

**Директорлар Кеңесінің (бақылау кеңесінің) құрамында өткен екі жыл ішінде болған өзгерістер және ол өзгерістердің себептері.**

Директорлар Кеңесінің құрамында өткен екі жыл ішінде мынадай өзгерістер болды:

Акционерлік қоғамның директорлар Кеңесінің 2004 жылғы 05 қарашадан 2006 жылғы 02 наурызға дейінгі құрамы:

1. Риммер Игорь Владимирович – директорлар Кеңесінің Төрағасы;
2. Риммер Михаил Владимирович – директорлар Кеңесінің мүшесі;
3. Тернова Евгения Юрьевна – директорлар Кеңесінің мүшесі.

Негіздеме – акционерлердің Жалпы жиналысының 2004 жылғы 05 қарашадағы хаттамасы.

Акционерлік қоғамның директорлар Кеңесінің 2006 жылғы 02 наурыздан 2006 жылғы 31 наурызға дейінгі құрамы:

1. Риммер Игорь Владимирович – директорлар Кеңесінің Төрағасы;
2. Бегайдаров Алмас Оразбекұлы – директорлар Кеңесінің мүшесі;
3. Ефременков Виктор Нинелович – директорлар Кеңесінің мүшесі.

Негіздеме – акционерлердің Жалпы жиналысының 2006 жылғы 02 наурыздағы хаттамасы.

Акционерлік қоғамның директорлар Кеңесінің 2006 жылғы 31 наурыздан 2006 жылғы 20 қарашаға дейінгі құрамы:

1. Риммер Игорь Владимирович – директорлар Кеңесінің Төрағасы;
2. Бегайдаров Алмас Оразбекұлы – директорлар Кеңесінің мүшесі;
3. Юлдашев Искандер Абдрашидұлы – директорлар Кеңесінің мүшесі.

Негіздеме – акционерлердің Жалпы жиналысының 2006 жылғы 31 наурыздағы хаттамасы.

Акционерлік қоғамның директорлар Кеңесінің 2006 жылғы 20 қарашадан осы кезге дейінгі құрамы:

1. Ан Юрий Николаевич – директорлар Кеңесінің Төрағасы;
2. Сержанов Ғалымжан Кенжетайұлы – директорлар Кеңесінің мүшесі;
3. Тажибаев Зараб Рүстемұлы – директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).

Негіздеме – акционерлердің Жалпы жиналысының 2006 жылғы 20 қарашадағы хаттамасы.



### 13-1. Эмитенттің директорлар Кеңесінің комитеттері (ондайлар бар болған жағдайда).

Эмитентте директорлар Кеңесінің комитеттері жоқ.

### 14. Эмитенттің атқару органы.

Органның жеке-дара орындаушысы функцияларын Атқарушы директор атқарады.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің аты-жөні және туған жылы	Қазіргі кезде және соңғы үш жылда, соның ішінде қосымша атқаратын қызметтері	Төленген жарғылық капиталдағы үлесі	АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарындағы үлесі
Битимбаев Бауыржан Жораұлы, 1970 т.ж.	2003 жылғы 1 қаңтардан 2006 жылғы 28 ақпанға дейін «Tau Securities» ЖШС директоры. 2006 жылғы 08 ақпаннан 2007 жылғы 31 қаңтарға дейін «ISKE СӘТ COMPANY» АҚ президенті. 2007 07 ақпаннан осы кезге дейін «РЭМИКС-Р» АҚ Атқарушы директоры. Негіздеме – акционерлердің Директорлар Кеңесінің 2007 жылғы 05 ақпандағы хаттамасы. Қосымша басқа қызметтер атқармайды.	49,65%	жоқ

### 15. Егер эмитенттің атқарушы органының уәкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда осы тармақта көрсету керек:

Эмитенттің атқарушы органы басқа коммерциялық ұйымға берілген жоқ.

### 16. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және эмитенттің басқа басшы адамдарына төленетін сыйақылар.

Облигациялар шығару туралы шешім акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысында 2007 жылғы 20 маусымда қабылданды.

«РЭМИКС-Р» АҚ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төлеу көзделмеген.

Атқарушы директор – 01.03.2007 - 01.06.2007 ж. аралығында жалақы түрінде 450 000 теңге алды.

Бас бухгалтер – 01.03.2007 - 01.06.2007 ж. аралығында жалақы түрінде 390 000 теңге алды.

Аталған адамдарға 20.06.2007 жылдан 20.06.2008 жылға дейін кейінгі 12 ай ішінде төленуге тиісті сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері – 3 360 000 теңге.

### 17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері:

«РЭМИКС-Р» АҚ-да құрылымдық бөлімшелер жоқ, осыған байланысты штат кестесі берілген:

**«РЭМИКС-Р» АҚ қызметкерлерінің  
ШТАТ КЕСТЕСІ**

<b>№</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Бірлік саны</b>	<b>Аты-жөні</b>
1	Атқарушы директор	1	Битимбаев Бауыржан Жораұлы
2	Бас бухгалтер	1	Байсиикова Қалима Асылбекқызы
3	Бухгалтер	1	Укунова Гүлмира Асқарқызы
4	Заң кеңесшісі	1	Фомин Петр Борисович
5	Хатшы-референт	1	Ахметова Динара Айтқабылқызы
6	Шаруашылық меңгерушісі	1	Тентимишев Бектұрсын Таджибайұлы
7	Үй сыпырушы	1	Халилова Асиям Қахарманқызы

2) эмитент қызметкерлерінің, соның ішінде эмитент филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны:

«РЭМИКС-Р» АҚ-да 7 адам жұмыс істейді.

3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер:

Эмитентте құрылымдық бөлімшелер жоқ.

### 3. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ

#### 18. Эмитент акционерлері (қатысушылары).

1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беретін акцияларының) он және одан көп пайызына ие болып отырған акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат (заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері не тегі, есімі және егер бар болса - әкесінің аты):

№	Акционердің атауы (аты-жөні)	Заңды тұлға орналасқан жер	Үлес (орналастырылған және дауыс беретін акциялар)
1.	Битимбаев Бауыржан Жораұлы	Жеке куәлік № 014233645, ҚР ПМ 16.06.2003 ж. берген	49,65 % – 246 526 667 жай акциялар
2.	«Алматы қаржы орталығы» акционерлік қоғамы («Алматы қаржы орталығы» АҚ)	050000, Алматы қ., Фурманов к., 103, офис 503 Мемлекеттік тіркеу туралы 29.12.2005 ж. № 74798-1910-АО куәлік	30,21% – 150 000 000 жай акциялар
3.	«Досжан темір жолы» Акционерлік қоғамы («Досжан темір жолы» АҚ)	050010, Алматы қ., Жамбыл к., 2/93, тел.: (327) 291 96 87, 291 42 77, факс: (327) 291 98 85 Мемлекеттік тіркеу туралы 10.03.2005 ж. № 69086-1910-АО куәлік	20,14% – 100 000 000 жай акциялар

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ эмитент қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер.

Эмитенттің төленген жарғылық капиталда отыз және одан көп пайызды басқа ұйымдар арқылы тікелей бақылайтын акционерлер/қатысушылар – жоқ.

19. Эмитент өз акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие болып отырған заңды тұлғалар туралы мәліметтер, онда заңды тұлғаның толық атауы, оның орналасқан жері, эмитент акцияларының (үлестерінің) оның жарғылық капиталындағы пайыздық ара салмағы, қызмет түрі, бірінші басшының тегі, есімі, бар болса - әкесінің аты көрсетіледі.

<b>Атауы:</b>	«Жұлдыз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
<b>Орналасқан жері:</b>	Алматы облысы, Карасай ауданы, Қаскелең ., Заводская к., 4-б.
<b>ЖК-дағы үлесі (%):</b>	100%
<b>Қызмет түрі:</b>	<p>§ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде көтерме және бөлшек сауда-делдалдық қызметті жүзеге асыру. Дайын бұйымдардың, шала фабрикаттардың, азық-түлік тауарлары мен ауылшаруашылы өнімдерінің, халық тұтынатын тауарлардың алуан түрлерін соның ішінде сатып алынған жабдық, лицензиялар және ноу-хау негізінде өндіру мен өткізу.</p> <p>§ Сыртқыэкономикалық қызмет соның ішінде шетелдік әріптестермен бірге, отандық және шетелдік әріптестердің заңда тыйым салынбаған</p>

	<p>кез келген бағдарламаны өзара тиімді ынтымақтастық негізінде жүзеге асыруына жәрдемдесу.</p> <p>§ Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстар (қызметтер).</p> <p>§ Жобалау-іздігіру, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкциялар жасап шығару жөніндегі жұмыстар.</p> <p>§ құрылыс материалдарын жасап шығару.</p> <p>§ Өнеркәсіптік және азаматтық имараттардың күрделі құрылысы және оларды күрделі жөндеу.</p> <p>§ Техникалық, ұйымдық, сервистік және пайдалану қызметтері, соның ішінде механизмдер, жабдық, бағдарламалық құралдар, жүйелер және өзге де техника сатып алу, жеткізу, өткізу, орнату, әзірлеу, жасау, енгізу, пайдалану, жөндеу, сервистік күтім жасау.</p> <p>§ Жарнамалық-ақпараттық қызмет.</p> <p>§ Редакциялық-баспа және полиграфия қызметі.</p>
<b>Бірінші басшы:</b>	Бас директор – Қайдарова Аймен Джексембайқызы

## 20. Эмитент қатысатын өнеркәсіп, банк, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

«РЭМИКС-Р» АҚ әлдебір өнеркәсіп, банк, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатысушы болып табылмайды.

## 21. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Заңды тұлғалар				
№	Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу уақыты мен нөмірі	Қызмет түрі	Бірінші басшы
1.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ	Алматы қ., Зенков к., 80 Мемлекеттік тіркеу туралы 17.08.2004 ж. № 56067-1910-АО куәлік	Инвестициялық қызмет	Басқарма Төрағасы – Кәкімжанов Зейнулла Халидоллаұлы
2.	ЖШС «Союз Комплект Казахстан»	Алматы қ., Желтоқсан даң., 12 Мемлекеттік тіркеу туралы 06.11.2003 ж. № 58960-1910-ТОО куәлік	ХТТ сатып алу-сату, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде көтерме және бөлшек сауда-делдалдық қызметті жүзеге асыру.	Бас Директор – Сержанов Ғалымжан Кенжетайұлы
3.	«КАЗ-КОР СТРОЙИНВЕСТ» ЖШС	050009, Алматы қ., Гагарин даң., 12, кв.176 Мемлекеттік тіркеу туралы 06.02.2006 ж. №75480-1910-ТОО куәлік	Құрылыс-монтаж жұмыстары, инвестициялық қызмет	Бас Директор – Ан Юрий Николаевич
4.	«ICK GROUP» ЖШС	050009, Алматы қ., Достық, даң., 44 Мемлекеттік тіркеу туралы 07.10.2003 ж. № 58366-1910-ТОО куәлік	ХТТ импорт-экспорты, кино көрсету, кафелер, мейрамханалар ашу	Бас Директор – Тажибаев Зараб Рүстемұлы

Жеке тұлғалар				
№	Аты-жөні	Туған жылы	Үлестестікті тану негіздемелері	Үлестестікке кірген уақыт
1.	Битимбаев Бауыржан Жораұлы	23.09.1970 ж.	Ірі акционер, «РЭМИКС-Р» АҚ Атқарушы директоры	17.11.2006 ж.
2.	Битимбаев Жора Жанғабылұлы	10.03.1944 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың әкесі	17.11.2006 ж.
3.	Омарова Дарханкуль Тажікенқызы	08.07.1947 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың анасы	17.11.2006 ж.
4.	Битимбаев Нурлан Жораұлы	06.08.1972 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың інісі	17.11.2006 ж.
5.	Қалменова Айгул Қайшыбекқызы	25.02.1976 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың зайыбы	17.11.2006 ж.
6.	Битимбаев Диас Бауыржанұлы	15.12.1995 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың ұлы	17.11.2006 ж.
7.	Битимбаев Санжар Бауыржанұлы	27.02.1999 ж.	Б.Ж.Битимбаевтың ұлы	17.11.2006 ж.
8.	Қалменова Уғылжан	25.01.1936 ж.	А.К.Қалменованың анасы	17.11.2006 ж.
9.	Қалменов Марат Қайшибекұлы	30.01.1966 ж.	А.К.Қалменованың ағасы	17.11.2006 ж.
10.	Қалменов Талғат Қайшибекұлы	05.04.1964 ж.	А.К.Қалменованың ағасы	17.11.2006 ж.
11.	Қалменова Жанат Қайшибекқызы	19.05.1958 ж.	А.К.Қалменованың апайы	17.11.2006 ж.
12.	Қалменова Қарағоз Қайшибекқызы	05.01.1962 ж.	А.К.Қалменованың апайы	17.11.2006 ж.
13.	Қалменова Ботағоз Қайшибекқызы	04.04.1960 ж.	А.К.Қалменованың апайы	17.11.2006 ж.
14.	Қалменова Роза Қайшибекқызы	30.07.1973 ж.	А.К.Қалменованың апайы	17.11.2006 ж.
15.	Садықова Маржан Бегайқызы	18.11.1962 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ директорлар Кеңесінің Төрағасы	12.05.2007 ж.
16.	Бейісова Зәуре Маратқызы	01.01.1972 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	12.05.2007 ж.
17.	Иштаев Андрей Анатольевич	02.07.1972 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	12.05.2007 ж.
18.	Әуесханов Талғат Темірханұлы	28.07.1969 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ Басқармасының Төрағасы	12.05.2007 ж.
19.	Тамаев Абзал Арманұлы	07.01.1977 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ Басқармасы төрағасының Бірінші орынбасары	12.05.2007 ж.
20.	Иманбаев Асқар Кенжетайұлы	04.08.1976 ж.	«Алматы Қаржы Орталығы» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары	12.05.2007 ж.
21.	Сисинбаев Тагир Мұсаұлы	28.12.1948 ж.	"Досжан темір жолы (ДТЖ)" АҚ директорлар Кеңесінің төрағасы, "Қазақстан Инвестициялық қоры» АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
22.	Исқақов Сәулебек Максимұлы	12.12.1957 ж.	"Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
23.	Маханов Нұржан Зарлықұлы	09.06.1969 ж.	"Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ Басқармасының Төрағасы - директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
24.	Қизатов Ермек Әнуарбекұлы	06.08.1961 ж.	"Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
25.	Мендібаев Сержан Хайруллаұлы	01.01.1950 ж.	"Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.

26.	Седов Михаил Викторович	1961 ж.	"Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
27.	<b>Ан Юрий Николаевич</b>	<b>18.02.1959 ж.</b>	<b>"КАЗ-КОР СТРОЙИНВЕСТ" ЖШС директорлар Кеңесінің Төрағасы, Бас директоры</b>	<b>20.11.2006 ж.</b>
28.	Ан Анна Андреевна	24.06.1933 ж.	Ю.Н.Анның анасы	20.11.2006 ж.
29.	Ан Эльвира Ахметкалиқызы	25.07.1970 ж.	Ю.Н.Анның зайыбы	20.11.2006 ж.
30.	Ан Марина Юрьевна	03.03.1987 ж.	Ю.Н.Анның қызы	20.11.2006 ж.
31.	Ан Анна Юрьевна	24.08.1991 ж.	Ю.Н.Анның қызы	20.11.2006 ж.
32.	Ан Давид Юрьевич	14.11.2005 ж.	Ю.Н.Анның ұлы	20.11.2006 ж.
33.	Тажибаев Зараб Рүстемұлы	23.12.1981 ж.	"ІСК GROUP" ЖШС директорлар Кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Бас директоры	20.11.2006 ж.
34.	Тажибаев Рүстем Абдуллаұлы	27.05.1943 ж.	З.Р.Тажибаевтың әкесі	20.11.2006 ж.
35.	Шамшатова Гүлжан Ибрагимқызы	18.07.1949 ж.	З.Р.Тажибаевтың анасы	20.11.2006 ж.
36.	Тажибаева Зульфия Рүстемқызы	08.09.1966 ж.	З.Р.Тажибаевтың апайы	20.11.2006 ж.
37.	Тажибаев Зұлхар Рүстемұлы	18.07.1986 ж.	З.Р.Тажибаевтың інісі	20.11.2006 ж.
38.	<b>Сержанов Ғалымжан Кенжетайұлы</b>	<b>23.12.1975 ж.</b>	<b>АО "Рэмикс-Р" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі, "Союз Комплект Казахстан" ЖШС Бас директоры</b>	<b>20.11.2006 ж.</b>
39.	Сержанов Кенжетай Түлкібайұлы	25.08.1948 ж.	Ғ.К.Сержановтың әкесі	20.11.2006 ж.
40.	Сержанова Бексұлу	25.05.1949 ж.	Ғ.К.Сержановтың анасы	20.11.2006 ж.
41.	Сержанова Гүлжан Кенжетайқызы	15.04.1974 ж.	Ғ.К.Сержановтың апайы	20.11.2006 ж.
42.	Сержанова Жанар Кенжетайқызы	15.07.1978 ж.	Ғ.К.Сержановтың қарындасы	20.11.2006 ж.
43.	Сержанов Бекжан Кенжетайұлы	30.03.1981 ж.	Ғ.К.Сержановтың інісі	20.11.2006 ж.
44.	Сержанова Салтанат Кенжетайқызы	04.04.1984 ж.	Ғ.К.Сержановтың қарындасы	20.11.2006 ж.
45.	Хамитова Толқын Исатайқызы	18.07.1988 ж.	Ғ.К.Сержановтың зайыбы	20.11.2006 ж.
46.	<b>Қабашев Мақсат Рахымжанұлы</b>	<b>01.01.1967 ж.</b>	<b>"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің Төрағасы</b>	<b>27.12.2006 ж.</b>
47.	Амрин Госман Кәрімұлы	06.05.1965 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
48.	Манатаев Ерлан Ерғалиұлы	24.10.1971 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
49.	Бишимбаев Қуандық Валиханұлы	13.07.1966 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
50.	Супрун Виктор Васильевич	22.08.1975 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
51.	Сембин Асқар Болатұлы	15.02.1962 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі	27.12.2006 ж.
52.	Кәкімжанов Зейнулла Халидоллаұлы	15.08.1959 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі, "Қазақстанның	27.12.2006 ж.

			Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының Төрағасы	
53.	Көкенов Талғат Маданятұлы	12.10.1967 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
54.	Сағындыков Мұқан Қаныбекұлы	04.01.1965 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
55.	Сисинбаев Тагир Мұсаұлы	28.12.1948 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
56.	Юнусова Елена Геннадьевна	07.09.1961 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
57.	Ахметов Асхат Еркінұлы	07.02.1972 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
58.	Жақселеков Тимур Ермекұлы	24.12.1966 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.
59.	Жексенбай Айдос Тұрдакынұлы	16.10.1974 ж.	"Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ Басқармасының мүшесі	27.12.2006 ж.

## 22. Үлестес тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер.

Үлестес тұлғалармен мәмілелер жасалған жоқ.

## 4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

### 23. Эмитент қызметіндегі, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша ортақ үрдістердің қысқаша сипаттамасы.

«РЭМИКС-Р» компаниясы 2003 жылғы желтоқсанда ЖШС нысанында құрылып, 2004 жылғы 22 маусымда акционерлік қоғам етіп өзгертілген болатын. Компания қызметінің негізгі түрі - мүлікті жалға беру. Қатысушы «Фирма «РИВ» ЖШС-нің 05.01.2004 ж. шешімі мен тиісті шарттар негізінде «РЭМИКС-Р» ЖШС-не жарғылық капиталға салым ретінде 396.439.467 теңге сомасының негізгі құралдары (Бекмаханов к., 93 мекен-жайындағы жер телімі, ғимараттар мен имараттар) берілді, қалған негізгі құралдар ішінара Халық Банкі несиесінің қаражатына және ішінара меншікті қаражатқа сатып алынды.

Компания қызметінің инвесторлар үшін тартымдылығын арттыру мақсатында «РЭМИКС-Р» ЖШС-не қатысушылар ұйымдық-құқықтық нысанды ауыстыру туралы шешім қабылдап, 2004 жылғы 22 маусымда Компания әділет органдарында акционерлік қоғам болып қайта тіркеуден өтті.

«РЭМИКС-Р» АҚ «РЭМИКС-Р» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша оның құқығын иеленуші болып табылады.

Компания қызметінің мақсаты – жарғылық қызметті жүргізу жолымен пайда табу. Аталған мақсатқа жету үшін «РЭМИКС-Р» АҚ мына қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- § өндірістік-техникалық мақсаттағы ғимараттар мен имараттарды, тұрғын үйлерді, жабдықты және басқа да мүлікті жалға (соның ішінде лизинг шартымен) беру;
- § құрылыс материалдарын жасап шығару;
- § импорттық, сондай-ақ отандық құрылыс материалдарымен, бұйымдармен және құралдармен сауда жасау, көтерме және бөлшек сауда;
- § жабдықтар, құрылыс материалдары, құралдар, шикізат, жиынтықтау бұйымдары мен конструкциялар экспорты мен импорты;
- § құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстары;
- § қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру;
- § ақпараттық, инжинирингтік, маркетингтік, делдалдық, дилерлік және дистрибьюторлық, өкілдік және өзге де қызметтерді ұйымдастыру.

2006 жылғы қарашаға дейін Компания өз балансындағы қоймаларды, офистік жайлар мен жабдықты негізінен үлестес ұйымдарға жалға беріп келді.

«РЭМИКС-Р» АҚ-ның өндірістік-қойма және әкімшілік кешені Бекмаханова к., 93 мекен-жайындағы 1998 жылы сатып алынған өндірістік базаның көлемі 4,6844 га аумағында болды. Жаңарту жұмыстары жүргізілгеннен кейін үй-жайлардың бір бөлігі компанияның өз өндірістерін орналастыру үшін пайдаланылды. Ғимараттардың жалпы алаңы 18 мың ш.м-ден, соның ішінде жылытылатын алаң 11 мың ш.м-ден астам.

Жылжымайтын мүлік объектілері өндірістік, қойма жайлары, әкімшілік ғимараттары болды. Құрылыстардың жалпы алаңы - 18 221,60 ш.м. Іс жүзінде бүкіл аумақ асфальт-бетон қаптамасымен жабылған. Учаске аумағы бетон және металл дуалмен қоршалған.

Ғимараттардың бәрі дерлік инженерлік желілермен қамтамасыз етілген – электрмен қамтамасыз етілген, орталықтан жылытылады, суық және ыстық су берілген, канализация, телефон, желдеткіштер бар.

Компанияда мынадай ғимараттар мен имараттар болды: экомәқта өндіретін цех пен жөндеу шеберханалары, ағаштан бұйымдар мен конструкциялар жасау цехы, 9 қойма, 2 әкімшілік ғимараты, қазандық, автомашиналарға арналған тұрақ, 4 жаппа, 2 күзет бөлмесі, бомбапана, үгіндіге арналған 2 бункер, кран, 2 күзет орны, трансформаторлық қосымша станса, сорғы, оқу сыныбы, көлікжай.



Компанияда жалға берілген мынадай жабдық болды: «Michael Weinig AG» фирмасының (Германия) ағаш терезе мен есік блоктарын жасап шығаратын технологиялық желі жабдығы, «Michael Weinig AG», «POLZER Maschinen und Anlagen GmbH», «fwb-MASCHINENHANDEL» фирмаларының (Германия) ірі бұйымдар өндіруге арналған технологиялық жабдығы, «Makron Oy» фирмасының (Финляндия) жылу өткізбейтін материал – экомакта өндіретін технологиялық жабдық, сондай-ақ Еуропа елдері мен Ресейдегі басқа да өндірушілердің қосымша жабдығы.

Компанияның негізгі клиенттері «Реиз» ЖШС (ағаштан бұйымдар мен конструкциялар жасап шығару), «Reis House» ЖШС ( ірі бұйымдар жасап шығару), «ЭкоТИМ» ЖШС (жылу сақтайтын «экомакта» материалын өндіру), «Реиз-проект» ЖШС (ғимараттар мен имараттарды сәулеттік жобалау, құрылысты жобалау және конструкциялау) болды. Бұл фирмалардың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, тұрғын үй мақсатындағы, денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы саласындағы барлық қызмет түрлеріне мемлекеттік лицензиялары бар.

2006 жылғы қарашада Компания акцияларының бүкіл пакетінің жаңа иелерге сатылуына байланысты оның қарамағында болған барлық негізгі құралдарды Компанияның бұрынғы иелері сатты. Компания дамудың жаңа стратегияларын белгіледі.

Эмитент қызметінің жаңа бағыттарының бірі – қонақ үйінің қызметтерін көрсету. Осы мақсатта эмитент қазіргі кезде «3 жұлдызды» әкімшілік-қонақ үйі кешенін салуда, ол қонақ үйінің қызметтерін көрсетуге және өз рейстерін Алматы қ. арқылы жүзеге асырушы жетекші авиакомпанияларына офис жайларын ұсынуға бағдарланады.

Эмитент сондай-ақ Қаскелең қаласында коттедж қалашығын салуды жоспарлап отыр.

*1) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:*

Эмитенттің тікелей бәсекелестерін анықтау мүмкін емес. Төменде эмитенттің ықтимал бәсекелестері келтірілген:

*Құрылыс компаниялары:*

«MAG» акционерлік қоғамы Алматы қаласында тұрғын және коммерциялық объектілер құрылысын инвестициялау қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ оларды өткізумен шұғылданады. Жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын Компанияның еншілес ұйымдары - «MAG Construction» ЖШС және «Дамель мен К» ЖШС-і жүзеге асырады.

Компания құрылыстың үлесті қатысу шарттарымен келісімдер жасасу арқылы жеке және заңды тұлғалардың (құрылысқа тапсырыс берушілердің) ақшасын, сондай-ақ банк несиелерін тарту жолымен қаржыландырылуын ұйымдастырады. Жылжымайтын мүлік объектілерін салу жөніндегі бас мердігер оның еншілес ұйымы - «MAG Construction» ЖШС болып отыр.

Қазіргі кезде Компания «Премиум», «Бизнес», «Жастар» тұрғын үй секторының жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтап келеді.

"Alwin Group" Инвестициялық-Құрылыс Қауымдастығы бірыңғай қаржы-экономикалық саясаты бар көппрофильді фирмалардың бәсекелік қабілеті бар, рыноктық қатынастардағы өзгерістерді дер кезінде сезіп отыратын және қызметтің жаңа бағыттарын игеруге қабілетті бірлестігі бола отырып, бүгінде Қазақстанның құрылыс рыногында лайықты орын алып отыр.

Компания өндірісінде және оны басқаруда атқарылатын жұмыстардың жоғары сапалы болатынына, клиенттерге өте сапалы қызмет көрсетілетініне кепілдік беретін қазіргі заманғы ең жаңа технологиялар кеңінен пайдаланылуда. "Alwin Group" құрылыс қызметін үйлестіруде және Компания мүшелерінің ресурстарын Қазақстанның Алматы, Астана, Атырау, Ақтау, Қарағанды сияқты ірі қалаларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін пайдалануда.

«Там Кұрылыс» ЖШС. «ТАМ Кұрылыс» ЖШС жүзеге асыруды жоспарлап отырған жетімді тұрғын үй құрылысының тұжырымдамасы халықтың жетімді тұрғын үйге деген көтеріңкі сұранымын қанағаттандыруға бағытталған, онда осы заманғы құрылыс технологияларын қолдану, жайлылық, ал ең бастысы - бағаның сатып алуға жарамды болуы көзделген. Бұл тұжырымдамада жергілікті атқару органының тиісті департаменттерімен бірге көлік, байланыс, телекоммуникациялар, денсаулық сақтау, көркейту мен көгалдандыру мәселелерінің шешімін, сондай-ақ болашақ кентерде құқық тәртібін қамтамасыз ету шараларын ұсынады.

«Астана-Стройинвест» корпорациясы - кез келген мақсаттағы және күрделілік деңгейіндегі объектілерді жобалау мен салу жөніндегі міндеттер кешенін шешетін бәсекелік қабылеті бар құрылыс ұйымы.

Бүгінде «Астана-Стройинвест» корпорациясы – құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс, сантехникалық, электр-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін қажетті дамыған құрылымы бар тұрақты және қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын.

*Қонақ үйлері:*

«Ақсуңқар» қонақ үйі, Алматы қ. аэропортында орналасқан, Қонақ үйінің қызметтерін көрсету жөніндегі әкімшілік-қонақ үйі кешенінің ең жақын бәсекелесі болып отыр. Қонақ үйде 7 нөмір ғана бар, 4 нөмір бір кісілік, 3 нөмір екі кісілік.

«Айсер» қонақ үйі орынды түрде үйдегідей жағдай жасалған қаладағы ең жақсы қонақ үйі деп орынды түрде айтуға болады. Бірыңғай түстес жайлы нөмірлер тынығуға қолайлы. Қонақ үйде бір бөлмелі нөмірлер де, кез келген клиенттің талғамынанан шығатын люкс нөмірлер де бар.

Осы заманғы конференц-зал мен бизнес-орталық іскер адамдардың тіршілік тынысын біліп отыруына көмектеседі.

«Алматы» қонақ үйі, 60-шы жылдардың аяқ кезінде салынған, бүгінде Оңтүстік астананың керікті орындарының бірі. Қонақ үйі қала меймандарына Іле Алатауының сілемдері терезеден айқын көрінетін 252 жанға жайлы бөлмелер ұсынады.

«Жетісу» – туристік деңгейдегі қонақ үйі, Алматының іскерлік және әкімшілік орталығында орналасқан. Қазақстанның байырғы қонақ үйлерінің бірі болып табылатын «Жетісу» - «кеңестік постмодернизм» үлгісі ретінде жергілікті мәні бар сәулет ескерткіші болып табылады.

Үш жұлдызды «Қазжол» қонақ үйі Алматының әкімшілік және қаржы орталығында, Халықаралық аэропорттан 25 минуттық және темір жол вокзалынан 10 минуттық жерде орналасқан. Қонақ үйде қажетті нәрсенің бәрі де табылатын 119 жайлы бөлме бар.

2002 жылы «Қазжол» қонақ үйі Халықаралық Біліктілік Дәуірінің Жүз жылдығы наградасын алды, бұл сыйлық оған жоғары сапалы қызмет көрсеткені үшін берілді.

«Зылиха» қонақ үйі – жайлы тұруға қолайлы және барлық жағдайлары бар «3 жұлдызды» қонақ үйлер қатарына жатады. Қонақ үйі, Алматы қаласының ірі бизнес және әкімшілік орталықтарының көпшілігі шоғырланған орталығында жайғасқан.

2) *эмитент қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі салалық орташа және, егер мүмкін болса, дүниежүзілік орташа көрсеткіштермен салыстыруға болады:*

Қазіргі кезде эмитент қызметін Қазақстан Республикасы ішіндегі салалық орташа және дүниежүзілік орташа көрсеткіштермен салыстыру мүмкін болмай отыр.

3) *саланың болашақта дамуы және эмитенттің осы саладағы жағдайы жөніндегі болжам:*

Қонақ үйлері қызметерінің рыногы:

Қонақ үй бизнесі Алматы қаласында өте пайдалы болып келді және болып отыр. Қонақ үй кешендерінің секторына инвестициялар салу тиімді. Бірақ, жұлдызды қонақ үйлер санының көбейіп келе жатқанына қарамастан, қонақ үйлерінде бөлмелердің

жетіспеушілігі өте елеулі болып отыр, халықаралық қонақ үйлері тізбегіне Алматыдағы бес жұлдызды деңгейдегі екі қонақ үй ғана кіреді.

Қазақстанда Қонақ үй секторы ұзақ уақыт бойы коммерциялық жылжымайтын мүліктің көбірек сұраным тапқан офистік және сауда секторларының көлеңкесінде қалып келді. Инвесторлар мен девелоперлерді жобалардың ұзақ уақыт өтелетіні және қонақ үйі бизнесінің ерекшелігі қызықтырмады. Бірақ соңғы бірнеше жыл бойы Алматы қаласына келетін шетелдік меймандар жылдан-жылға көбейді. Сондықтан қазіргі кезде Қазақстанда қонақ үйлер кешендерінің секторы дамып келеді. Шетелдік және отандық құрылыс салушылар елдің қонақжайлылығын дамытуға инвестицияларды белсенді түрде бөле бастады.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, 2006 жылдың аяқ кезінде республикада 465, соның ішінде Алматы қаласында 56 қонақ үйі (жалпы санның 12,5%) тіркелді. Жайғастыру объектілерін (қонақ үйлерін) пайдаланудан алынған табыс 32 млрд. теңгеден асты, Алматы қаласында – 14,2 млрд теңге (жалпы ел бойынша алынған табыстың 44,5%-ы) болды.

«3 жұлдыз» деңгейіндегі қонақ үйлер саны 2006 жылдың аяқ кезінде 54, ал олардың жайғастыру объектілерінің жалпы санындағы үлесі 11,6% болды.

#### Офис рыногы:

Алматы қаласында офис рыногына қазіргі кезде бұрынғысынша сұранымның ұсынымнан басым болуы, сапалы үй-жайлардың тапшылығы және дәл талдауға келмейтін баға белгіленуі тән болып отыр. Соңғысы, әлбетте, қайталама жалдау рыногына қатысты, өйткені бастапқы офис рыногында бәрі де қатаң.

Қайталама жалдау рыногында ұсыныстардың негізгі үлесі түрлі институттар мен кәсіпорындарда орналасқан үй-жайларға келеді. Алайда мамандандырылған бизнес-орталықтарындағы және жаңартылған офис ғимаратарындағы офистердің құны үй-жайдың сапасына және қосымша қызметтер жиынтығына байланысты жылына жалпы алаң 500-2500 \$/ш.м. аралығында болып отырғанына қарамастан сұраным көбінесе сондай офистерге келіп отыр. Құрылыс салушы фирмалардың көпшілігі жалға алушылармен құрылыс басталмай тұрып ұзақ мерзімді жалдау шарттарын жасасады. Жалдайтындар көбінесе ірі шетелдік және халықаралық компаниялар болады.

Әдетте алаңы шағын (1-3 жалгерлер болатын) жоғары деңгейлі офистік ғимараттарды жалдау құны жылына шамамен 600-1500 \$/ш. м. Алайда мұны көптеген фирмалардың қалтасы көтермейді, сондықтан фирмалардың көпшілігі кәсіпорындар мен ұйымдардың бос үй-жайларында, сондай-ақ қонақ үйлер мен пәтерлерде орналасуды жөн көреді. Жалдау құны жылына 300-600 \$/ш. м. Мамандандырылған бизнес-орталықтарына келетін болсақ, қазіргі кезде Алматы қаласында деңгейліктің барлық параметрлеріне сәйкес келетін ондай бизнес-орталықтар біршама аз.

#### **24. Эмитент жасасқан, кейін эмитенттің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін контрактілер, келісімдер.**

Эмитент жасасқан, кейін эмитенттің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін әлдебір контрактілер, келісімдер жоқ.

#### **25. Эмитент өз қызметін жүзеге асыру үшін алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы құжат уақыты мен нөмірі, ол қолданылатын мерзім және сол құжатты берген орган көрсетілген мәліметтер.**

«РЭМИКС-Р» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануға тиісті қызмет түрлерін жүзеге асырмайды.

**26. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істеліп келе жатқан кезеңде өткізілген өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) қабылданған нақты немесе сан өлшем бірліктеріндегі көлемі.**

мың теңге

Қызмет түрі	2005 жылда	2006 жылда	01.07.07 жылға
Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табыс	79 757	61 888	-
Басқа да табыстар	36 723	878 576	-
<b>Барлығы</b>	<b>116 480</b>	<b>940 464</b>	<b>-</b>

*Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істеліп келе жатқан кезеңде өткізілген өнім (орындалған жұмыстар, қызметтер) көлемдеріндегі өзгерістерді талдау.*

2006 жылы өткізілген өнім (орындалған жұмыстар, қызметтер) көлемі 61 888 мың теңге болды, мұның өзі 2005 жылмен салыстырғанда 22,4% немесе 17 869 мың теңге кем.

**27. Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар**

**Оң факторлар:**

- ü Коммерциялық жылжымайтын мүлікке және тұрғын үйге орын алып отырған сұранымға байланысты жылжымайтын мүлік рыногының өсуі;
- ü Жылжымайтын мүлікке жоғары сұраныс;
- ü Алматы қаласында жер мен жылжымайтын мүлік рыногындағы жоғары баға деңгейі;
- ü Эмитенттің сапалы және бағасы төмен коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерін ұсынуы;
- ü Әкімшілік-қонақ үй кешенінің Алматы қаласы шегінде, Алматы қаласының әуежайына және қаланың негізгі жүк автомобилі магистральдерінің біріне жақын жерде жайлы орналасуы;
- ü Әкімшілік-қонақ үй кешеніне және коттедждік қалашыққа жақын маңда инфрақұрылымның бар болуы;
- ü Коммуникациялармен қамтамасыз етілу – энергиямен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету, канализация, жылумен қамтамасыз ету, байланыс;
- ü Қонақ үй бизнесінің қызметіне халықтың қанағаттандырылмаған сұранысы; Елдегі қолайлы экономикалық жағдай.

**Теріс факторлар:**

- ü Құрылыс материалдарына және жұмыс күшінің қызметтеріне бағаның өсуі;
- ü Білікті жұмыс күшінің тапшылығы;
- ü Ірі құрылыс компанияларымен жоғары бәсекелестік;
- ü Жалға берушілерге тәуелділік;
- ü Құрылыс материалдарын жеткізушілерге, қосалқы мердігерлерге, қонақ үй бизнесі бойынша басқарушы компанияға тәуелділік.

**28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.**

**1) Эмитенттің жеткізушілері.**

Жеткізілім көлемінің 10 %-ы (он) өз үлесіне келетін жеткізушілер Эмитентте жоқ.

**2) Эмитенттің тұтынушылары.**

Жеткізілім көлемінің 10 %-ы (он) өз үлесіне келетін тұтынушылар Эмитентте жоқ.

**29. Эмитенттің қызметіне ықпал ететін шешуші факторлар:**

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері, эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі;

Эмитент қызметінде маусымдылық жоқ.

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстың, қызметтің) жалпы көлеміндегі импорт пен экспорт үлесі және эмитент экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі:

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) (Эмитент өткізетін) шикізатта (қызметте) импорт пен экспорт үлесі жоқ.

3) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған уақыттан бастап алты ай ішінде жасалуға тиісті (жасалған) немесе орындауға тиісті (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер сол мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнынан он пайыз асып түссе:

Эмитенттің баланстық құнынан 10 % асып түсетін контрактілер жасалған жоқ.

4) болашақ міндеттемелер, сол міндеттемелер эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс ықпал:

Мұндай міндеттемелер эмитентте жоқ..

Эмитенттің үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша кепілдіктері, соның ішінде сондай эмитент, облигациялар саны, кепілдіктер шарттары, өтелетін уақыт және кепілді шығарылатын валюта туралы ақпарат:

Эмитентте ондай кепілдіктер жоқ.

5) эмитенттің сот үдерістеріне қатысуы туралы мәліметтер:

Эмитент сот үдерістеріне қатысқан жоқ.

6) эмитентке және оның лауазымды адамдарына уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жылдың ішінде салған барлық әкімшілік санкциялары туралы мәліметтер:

Эмитент пен оның лауазымды адамдарына әкімшілік санкциялары салынған жоқ.

7) тәуекелдік факторлары:

Тәуекелдіктердің негізгі түрлері	Тәуекелдік факторлары
Саяси тәуекелдік	<p>Қазақстан Республикасының тұрақты саяси және экономикалық жүйесі бар, соның нәтижесінде елде экономиканың тұрақты да орнықты қарқынмен өсуі орын алып отыр. Елдің ЖІӨ-мі жоғары қарқынмен өсуде, инфляция бақыланатын шекте болып отыр, елде жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді. Шетелдік инвесторлар Қазақстанды инвестициялық ахуалы қолайлы ел деп көрсетуде, оның өзі тікелей инвестициялардың көбеюіне тікелей әсер етуде. Қазақстанның табыстарын халықаралық ұйымдар танып, Қазақстандағы саяси тәуекелдіктерді болмашы деп санауда.</p> <p>Мемлекет тарапынан бизнес үшін ниеттің түзулігі, қолдау және қолайлы жағдайлар жасалуы кәсіпкерліктің серпінді дамуына мүмкіндік беруде. Өндірістік қуаттарды жаңғырту мен жаңарту іс жүзінде барлық жерде орын алып отыр. Қазақстанның экономикалық дамуының серпінділігін және эмитенттің саяси қызметке тартылмағанын ескере саяси</p>

	тәуекелдіктерді болмашы деп бағалауға болады.
<b>Құқық тәуекелдігі</b>	<p>Құқық тәуекелдіктері эмитент үшін сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Сыртқы құқық тәуекелдігі объективті сипатта болады және заң шығару базасының өзгеруіне байланысты. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы рыноктық жағдайларда үнемі дамып келе жатқан қоғамдық қатынастарды тиімді түрде реттеуге тиісті тұрақты реформалау үдерісінде болып отыр. Заңнама өзгеруіне байланысты тәуекелдер эмитент тарапынан бақылауға жатпайтын объективті тәуекелдіктер қатарына жатады. Сонымен бірге, құрылысқа қатысты нормативтік құқықтық ережелер өзгеруінің бағытын болжауға болады.</p> <p>Құрылыстың сапасына және құрылыс ұйымдарының өндірістік үдерістерінің қамтамасыз етілуіне мемлекеттік құрылымдар тарапынан қойылатын талаптар үнемі күшейе түсуде. Бұл үрдіс құрылыс қызметінің реттелуіне және сапасының жақсаруына жәрдемдеседі, мұны эмитент құрылыс кешенін одан әрі дамытудың селективті оң факторы деп санайды.</p> <p>Құқық тәуекелдіктерінің екінші категориясының сипаты субъективті, сондықтан эмитент оны барынша азайта алады. Бұл тәуекелдіктер эмитенттің қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолданбау немесе дұрыс түсінбеу салдарынан заңнама нормаларын ықтимал бұзуына байланысты, оның өзі лицензиялардан айырылып қалуға, айыптар салынуына, беделден айырылуға, қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылуға әкеліп соғуы мүмкін. Тәуекелдіктің осы түрін кеміту мақсатында эмитенттің бизнес үдерістері қызметтің барлық түрлерін міндетті түрде заңдастыруға негізделген. Эмитенттің бақылаушы бөлімшелері контрагенттермен жасасылған шарттардың дер кезінде, дәл, толық орындалуын, мемлекеттік реттеуші органдарға қажет етілетін есептіліктің берілуін тексереді. Құқық тәуекелдіктерінің бұл категориясын бақылауға және басқаруға болады.</p>
<b>Қаржы тәуекелдігі</b>	<p>Эмитенттің қаржы тәуекелдіктері мынадай түрлерге бөлінеді:</p> <p><i>Валюта тәуекелдігі</i> – валюталар бағамының жайсыз өзгеруіне байланысты тәуекелдік.</p> <p>Эмитент бизнесі Қазақстан Республикасында шоғырланған, соның нәтижесінде эмитенттің түсімі мен шығыстар төлемі ұлттық валютамен жүзеге асырылады. Сондықтан түрлі валюталардағы төлемдер мен түсімдердің теңгерімсіздігінен болатын валюта тәуекелдігін болмашы деп бағалау керек. Сонымен бірге, эмитенттің кейбір жобаларының жүзеге асырылуы шет елдерден жабдық сатып алу және шетелдік валютамен жасасылған міндеттемелерді өтеу кезінде төлемдерді еркін айырбасталатын валюталармен жасауға байланысты валюталық тәуекелдікті арттыра түседі. Эмитент практикасында мұндай контрактілердің сирек кездесетіні және тез өтіп кететіні эмитенттің облигациялар ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауына валюта тәуекелдігінің ықпалы болмашы ғана деп санауға мүмкіндік береді.</p> <p><i>Пайыз тәуекелдігі</i> – пайыз ставкасының өзгеруі қарыз алу құнына және эмитенттің қарыз міндеттемелері бойынша жауап қайтару қабілетіне теріс әсер ету мүмкіндігінен туындайтын тәуекелдік.</p> <p>Қазіргі кезде Қазақстанның банк секторында банктер несиелерінің пайыздық ставкаларының төмендеуі байқалып отыр, мұның өзі эмитенттің операциялық қызметті қамтамасыз ету үшін тартылатын несие желілері бойынша жауап қайтару мүмкіндіктерінің нашарламайтынын болжауына мүмкіндік береді. Эмитенттің қаржылық тұрақтылығының кемуі байқалмай отырғанына байланысты, сондай-ақ облигациялар бойынша пайыздық сыйақы тұрақты сипатта екенін ескере эмитент облигацияларын</p>

	<p>ұстаушылар үшін пайыз тәуекелдігін болмашы деп санауға болады.</p> <p>Эмитент облигацияларын ұстаушының <i>Несие тәуекелдігіне</i> эмитенттің облигациялық займ бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін дер кезінде / толық төлеу ықтималдығы тән болады. Осы тәуекелдік түрін барынша азайту мақсатында эмитент өзіне қабылдайтын барлық несие тәуекелдерін құрылымдайды және саралайды. Облигациялық займ бойынша негізгі борышты өтеу эмитент өндірісі көлемінің арта түсуіне байланысты тұрақты сипат алып отырған эмитенттің таза пайдасы өсуінің сипатымен және астананың және республиканың басқа да аймақтарының жылжымайтын мүлік рыногындағы нығайтылған экспансия жоспарларымен қамтамасыз етілуде.</p> <p><i>Өтімділік тәуекелдігі</i> – эмитент активтерінің құрылымы мен құрамы ағымдағы міндеттемелерді жабу үшін активтерді қажетті мерзімдерде елеулі ысырапсыз ақшаға айналдыру мүмкіндігін бермеу тәуекелдігі. Эмитент өтімділіктің ішкі нормативтерін белгілеген, олардың сақталуы тұрақты қадағаланады. Жыл сайын әзірленетін және ай сайын бақыланатын қаржы бюджеті мен төлем күнтізбесі компанияның өтімділігін болжауға және несие берушілер алдындағы міндеттемедердің орындалмауына жол бермеу шараларын күні бұрын қолдануға мүмкіндік береді. Эмитент облигацияларын ұстаушылар үшін тәуекелдіктің бұл түрі болмашы деп сипатталады.</p>
<p><b>Операциялық тәуекелдік</b></p>	<p>Эмитент қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бұзылуы салдарынан ысырап пайда болуының <i>операциялық тәуекелдігі</i> мына шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру арқылы төмендетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>§ үдерістер мен ұйымдық құрылым эмитенттің ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес келетіндей етілген;</li> <li>§ функциялардың қайталануына жол бермеу үшін бөлімшелер мен қызметкерлердің уәкілеттіктері мен функциялары анықталған және бөлінген, мұның өзі басқаруды тиімді жүзеге асыруға және мүдделер қақтығысы мен іс-қимылда сәйкессіздік пайда болуының тәуекелдігін азайтуға мүмкіндік береді;</li> <li>§ эмитент басшылығымен кері байланыс жүйесі жұмыс істейді, оның өзі басқарма шешімдерін шұғыл түрде қабылдауға, сондай-ақ қызметкерлердің өз мақсаттары мен міндеттерін түсінуіне жеткізеді;</li> <li>§ құпия ақпаратты пайдалану шектеулі.</li> </ul>
<p><b>Қызметкерлер тәуекелдігі</b></p>	<p><i>Қызметкерлер тәуекелдігінің</i> саралануы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>§ қызметкерлер біліктілігі жеткіліксіздігінің тәуекелдігі;</li> <li>§ қызмет міндеттерін ыждағатсыз орындау: белгіленген ережелерді, тәртіпті және регламенттерді сақтамау тәуекелдігі;</li> <li>§ бір жолғы кездейсоқ қателіктер тәуекелдігі;</li> <li>§ қызметкерлердің өз өкілеттіктері шегінен асып кетуі;</li> <li>§ алдау, алаяқтық, эмитент ақпаратын жол беруге болмайтындай пайдалану, сондай-ақ қызметкерлердің эмитент мүддесін көздемейтін басқа да заңсыз әрекеттер жасау тәуекелдігі;</li> <li>§ қызметкерлердің ерекшелігіне немесе қызметкерлерді басқару үдерісіне байланысты басқа да тәуекелдіктер.</li> </ul> <p>Эмитент қызметкерлерді басқару жұмысының әдістерін үнемі жетілдіреді. Қызметкерлерді іріктеу мен жалдау, қызметкерлер еңбегінің нәтижелерін, еңбек уәждемелерін бағалау үдерістері әзірленіп, енгізілді. Эмитент басшылығы қызметкерлердің кәсіптік білімін арттыруға көп көңіл бөлуде, қызметкерлер таңдаулы білім беру орталықтарында тұрақты негізде</p>

	<p>оқиды. Қаржы шығысының көп бөлігін эмитент өзіне алып отыр.</p> <p>Басшылық пен ұжым арасындағы қатынас корпорациялық рухқа, өзара құрметке, өзара көмек көрсетуге, мақсат бірлігіне, командалық рухқа негізделген.</p> <p>Қызметкерлер тарапынан теріс мінез көрсету тәуекелдігін,, құпия ақпараттың жария етілуін, паракорлықты, іріткі салуды және т.т. кеміту тәртіпті, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін қатаң сақтау есебінен жүзеге асырылады;</p>
<p><b>Ақпараттық технологиялар тәуекелдігі</b></p>	<p>Бағдарламалық қамтуда және ақпараттық технологияларда болатын іркілістердің технологиялық тәуекелдігі:</p> <p>§ бағдарламалық қамту түрлері бойынша;</p> <p>§ іркіліс себептері бойынша сарапталады.</p> <p>Эмитент бизнесінде қолданылатын ақпараттық технологиялар ақпараттың дұрыс және дер кезінде алмасылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ эмитенттің қажеттері мен ауқымдарына сәйкес келеді.</p> <p>Қазіргі кезде бар ақпаратты дұрыс пайдаланбау немесе жоғалтып алу тәуекелдігін эмитент елеусіз деп бағалайды.</p>

8) *эмитент туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын рыноктар туралы басқа ақпарат.*

Қазіргі кезде эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының рыногында ғана жүзеге асырып отыр.



## 5. ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

**30. Баланстық құны материал емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызы болып отырған материал емес активтер түрлері.**

мың теңге

№	Атауы	Сума	Үлес (баланстық құнның 5% және одан көбі)
1.	1С Кәсіпорын 7.7	136,4	100,0%
<b>Барлығы:</b>		<b>136,4</b>	<b>100,0%</b>

**31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызы болып отырған негізгі құралдар түрлері.**

мың теңге

№	Атауы	Сума	Үлес (баланстық құнның 5% және одан көбі)
<b>Барлығы:</b>			

**32. Инвестициялар**

мың теңге

№	Инвестициялар түрлері	Сума
1.	Басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар	0,0
2.	Ұзақ мерзімді инвестициялар	0,0
2.	Инвестициялық портфель	0,0
3	Басқалары	544 616,0
<b>Барлығы:</b>		<b>544 616,0</b>

**33. Дебиторлық берешек**

мың теңге

№	Атауы	Сума	Үлес (баланстық құнның 5% және одан көбі)
1.	ЖК Танысқожинов Е.М.	60 105,0	65,2%
2.	АК «ІСКЕ СЭТ COMPANY»	7 241,0	7,8%
	Битимбаев Б.Ж.	24 578,0	26,6%
	Басқалары	275,0	0,4%
<b>Барлығы:</b>		<b>92 199,0</b>	<b>100 %</b>

Эмитенттің қалған дебиторларының үлесі дебиторлық берешектің бүкіл сомасының бес пайызынан кем болмайды.

**34. Бұл тармақта эмитенттің жарғылық капиталы мен өз капиталының мөлшері көрсетіледі.**

мың теңге

<b>Өз капиталы</b>	<b>01.07.2007 ж.</b>
Жарғылық капитал	496 527
Бөлінбеген табыс (өтелмеген залал)	136 281
<b>Өз капиталының жиыны:</b>	<b>632 808</b>

**35. Қарыздар.**

01.07.2007 жылғы жағдай бойынша эмитентте нақты банк қарыздары мен несие желілері жоқ.

**36. Эмитенттің негізгі қызметті жүзеге асыруына байланысты несиелік берешек (жеткізуші алдындағы берешек, алынған аванстар).**

мың теңге

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Сума</b>	<b>Үлес (баланстық құнның 5% және одан көбі)</b>
1.	ЖК Тыныскожинова	495,0	62,6%
2.	Кайдарова А.Д.	4258,0	74,3%
3.	Басқалары	296,0	37,4%
<b>Барлығы:</b>		<b>5 733,0</b>	<b>100,0%</b>

**36-1. Эмитент аяқталған соңғы үш жыл ішінде алған (шеккен) таза табыс (залал) мөлшері (әрбір үш жылдың қорытындылары бойынша).**

мың теңге

	<b>2004 жылы</b>	<b>2005 жылы</b>	<b>2006 жылы</b>	<b>01.07.07 жылы</b>
Таза табыс (залал)	3 318	448	268 850	136 281

**36-2. Левередж.**

	<b>2004 жылы</b>	<b>2005 жылы</b>	<b>2006 жылы</b>	<b>01.07.07 жылы</b>
Левередж	0,47	0,30	0,22	0,01

**36-3. Эмитенттің қаржы жағдайының өлшемдері және нашарлауы эмитентке облигацияларды сатып алу міндетін жүктейтін өзге де көрсеткіштер.**

Эмитент Компанияның қаржы көрсеткіштері Левередж  $\leq 2$  көрсеткішіне сәйкес келмеген жағдайда, осы Анықтаманың 38-б тармағында сипатталған тәртіпке сәйкес, облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдауға міндеттенеді.

## 6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТЕР

**37. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары жөнінде облигациялар шығару туралы шешім қабылданатын күнге дейін мыналар атап көрсетіледі:**

1) әрбір шығарылымдағы облигациялардың жалпы саны, түрі және нақты құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған (нақты құн бойынша) ақшаның жалпы мөлшері, негізгі борыш сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген, өтеу күні көрсетілген облигациялар саны. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган, ондай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні:

Эмитент бұрын облигациялар шығарған жоқ;

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың нақты құны, сондай-ақ акциялар орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы. Айналымдағы, сатып алынған, соңғы күнгі сатып алу бағасы көрсетілген акциялар саны. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган, ондай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні:

<b>Жалпы саны:</b>	1 000 000 000 дана акциялар
<b>Түрі:</b>	жай акциялар
<b>Нақты құны:</b>	1 теңге
<b>Акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаны жалпы сомасы:</b>	496 526 667 теңге
<b>Айналымдағы, сатып алынған акциялар саны:</b>	Айналымда 496 526 667 дана акциялар бар
<b>Акциялар сатып алу әдістемесі бекітілген күн:</b>	«РЭМИКС-Р» АҚ акционерлері жалпы жиналысының 2007 жылғы 20 маусымдағы хаттамасымен бекітілді
<b>Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган:</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
<b>Мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні:</b>	Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы 2004 жылғы 16 қыркүйектегі № А5174 куәлік

3) эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында өз міндеттемелерін орындамауы (облигациялар бойынша сыйақылар төлемеу (төлеуді кешіктіру), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), соның ішінде орындалмаған міндеттемелердің мөлшері мен ондай міндеттемелер төлеу кешіктірілген мерзім туралы ақпарат, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлер мен шығарылымдар бойынша жеке):

Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында өз міндеттемелерін орындамау оқиғасы болған жоқ;

4) егер бағалы қағаздадың әлдебір шығарылымы тоқтатып қойылған немесе іске аспаған деп танылған немесе оның күші жойылған болса, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемелері мен күні көрсетіледі:

Эмитент акциялары шығарылымының күші жойылған жоқ;

5) облигациялар бойынша төлемдер өтелген күн және олардың жалпы мөлшері:

Эмитент бұрын облигациялар шығарған жоқ;

*б) соңғы екі қаржы жылының әрбір жылына немесе нақты жұмыс істеп келе жатқан кезеңге бір (жай, артықшылықты) акцияға келетін дивиденд мөлшері, есептелген дивидендтер сомасы мен төленген дивидендтер сомасы:*

Соңғы екі жылда дивидендтер есептелген жоқ;

*7) эмитенттің бағалы қағаздары сатылатын негізгі рыноктар, сауданы ұйымдастырушылардың атаулары:*

Эмитенттің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында және ұйымдаспаған рынокта сатылды;

*8) эмитент бұрын шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрі оларды ұстаушыларға беретін құқықтар:*

Жай акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беруге қойылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысу, қоғамда таза табыс бар болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

## 7. ОБЛИГАЦИЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

### 38. Облигациялар туралы мәліметтер:

<b>1) Облигациялар түрлері:</b>	Купондық облигациялар, қамтамсыз етілмейтін.
<b>2) Шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымдарының жалпы көлемі:</b>	
<b>§ облигациялар саны</b>	2 000 000 (екі миллион) дана.
<b>§ шығарылымның жалпы көлемі</b>	2 000 000 000 (екі миллиард) теңге.
<b>3) Бір облигацияның нақты құны:</b>	1000 (бір мың) теңге.
<b>4) Облигациялар бойынша сыйақы:</b>	
<b>§ облигациялар бойынша сыйақы ставкасы</b>	Облигациялардың нақты құнының жылдық 12 % (он екі пайызы).
<b>§ сыйақы есептеле бастайтын күн</b>	Сыйақы есептеу басталатын күн – облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілетін күн.
<b>§ сыйақы төлеу кезеңділігі және күндері</b>	Облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына екі рет, тиісінше облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілетін күннен бастап әрбір алты ай сайын қазақстандық теңгемен төленеді.
<b>§ сыйақы төлеу тәртібі мен жағдайлары</b>	<p>Сыйақы купондық сыйақы алуға құқығы бар адамдар шеңбері анықталған күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен төленеді.</p> <p>Сыйақы алуға төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің (купондық сыйақы алуға құқығы бар адамдар шеңбері анықталатын күн) бас кезіндегі жағдай бойынша облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген адамдардың құқығы бар.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы купондық сыйақының нақты құны, жылдық ставкасы мен купон есептелетін кезеңде оны иелену күндері санының 360-қа бөлінген көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Егер купондық сыйақы төленетін күн демалыс күніне келетін болса, төлем демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі 1-ші күні төленеді. Бұл жағдайда инвестор ондай кешеуілдетілу үшін пайыз есептелуін талап етуге құқылы емес.</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, сыйақы инвестордың жазбаша сұрау салуы бойынша ҚРҰБ-нің төлем күнгі ресми бағамы бойынша шетелдік валютамен (АҚШ доллары, Евро, ресей рублі) төленеді. Теңгемен есептелген сома шетелдік валютаға (АҚШ доллары, Евро, ресей рублі) инвестор есебінен айырбасталады.</p>

<b>§ сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</b>	Сыйақы (купон) 360/30 уақытша база (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) есебінен төленеді.
<b>§ Индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есеп айырысу тәртібі</b>	Осы шығарылым облигациялары индекстелген емес.
<b>5) облигациялар айналымы мен өтелуі туралы мәліметтер:</b>	
<b>§ Облигациялар айналымының мерзімі және оларды өтеу шарттары</b>	<p>Облигациялар айналымының мерзімі - облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілетін күннен бастап бес жыл.</p> <p>Облигациялар айналым мерзімінің аяқ кезінде нақты құн бойынша теңгемен өтеледі, сонымен бірге соңғы сыйақы ақшаны облигациялар ұстаушылардың ағымдағы шоттарына облигациялардың нақты құнын және сыйақы (купон) алуға құқығы бар адамдар шеңбері анықталатын күннен кейінгі күнтізбелік 10 күн ішінде аудару жолымен төленеді.</p> <p>Негізгі борышты және соңғы сыйақыны (купонды) алуға төлем жүзеге асырылатын соғы кезеңнің бас кезіндегі, нақты айтқанда облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілетін күннен (негізгі борышты және соңғы купондық сыйақыны алуға құқығы бар адамдар шеңбері анықталатын күннен) бастап бес жылдан кейінгі жағдай бойынша облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген адамдардың құқығы бар.</p> <p>Егер купондық сыйақы төленетін күн демалыс күніне келетін болса, төлем демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі 1-ші күні төленеді. Бұл жағдайда инвестор ондай кешеуілдетілу үшін пайыз есептелуін талап етуге құқылы емес.</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, сыйақы инвестордың жазбаша сұрай салуы бойынша ҚРҰБ-нің төлем күнгі ресми бағамы бойынша шетелдік валютамен (АҚШ доллары, Евро, ресей рублі) төленеді. Теңгемен есептелген сома шетелдік валютаға (АҚШ доллары, Евро, ресей рублі) инвестор есебінен айырбасталады.</p>
<b>§ облигациялар өтелетін уақыт</b>	Облигациялар айналымы мерзімінің аяқталуы.
<b>§ облигациялар бойынша міндеттемелер орындалатын орын</b>	<p>«РЭМИКС-Р» АҚ, 050030, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бекмаханов к., 93</p> <p>сондай-ақ облигация иесінің өтінішінде – бұйрығында көрсетілген деректемелерге сәйкес немесе облигация иесімен жасалатын, облигация иесінің деректемелері көрсетілген шартқа сәйкес, не облигация иесінің Эмитентті тіркеуші берген деректемелеріне сәйкес аударыммен.</p>
<b>§ облигацияларды өтеу әдісі</b>	Негізгі борыш сомасы оны облигациялар ұстаушылардың тізіліміндегі деректерге сәйкес облигация

	ұстаушылардың ағымдағы банк шоттарына аудару жолымен өтеледі.
<b>5-1) Облигацияларға ақы төлеу шарттары мен тәртібі</b>	<p>Облигациялар Эмитенттің ағымдағы банк шоттарына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төленеді.</p> <p>Облигацияларды жазылу жолымен орналастыру кезінде облигациялар үшін ақы төлеу тәртібі мен шарттары Эмитент пен инвестор арасындағы сатып алу-сату шарттарында немесе Эмитент пен брокерлік қызметтер көрсету және атаулы ұстау шарты негізінде инвестор мүдделерінде іс-әрекет жасаушы брокер арасындағы сатып алу-сату шарттарында көрсетіледі.</p> <p>Облигацияларды сауда-сатық өткізу жолымен «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде орналастыру кезінде облигацияларға төлемдер «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.</p>
<b>5-2) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету</b>	Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.
<b>5-3) Облигацияларды арнаулы қаржы компаниясы шығарған кезде</b>	Осы шығарылым облигациялары арнаулы қаржы компаниясының облигациялары емес.
<b>5-4) Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер</b>	Жоқ.
<b>5-5) Инфрақұрылымды облигациялар шығару кезінде</b>	Осы шығарылым облигациялары инфрақұрылымдық емес.
<b>5-6) Облигациялар бойынша құқықты есепке алу тәртібі</b>	<p><u>Тіркеуші:</u></p> <p>«Тіркеуші «Зерде» АҚ (бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу қызметін жүзеге асыруға 2006 жылғы 24 қаңтардағы № 0406200451 мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі берген).</p> <p>Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Манас /Джандосов к., 34А/8А.</p> <p>Тел./факс: +7 (327) 244-83-51, +7 (327) 244-83-52.</p> <p>Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу қызметін көрсетуге 2006 жылғы 01 наурыздағы № 627/331 шарт негізінде.</p>
<b>5-7) Төлем агенті туралы мәліметтер</b>	Төлем агенті көзделмеген.
<b>6) Әрбір облигация өзін ұстаушыға беретін құқықтар :</b>	<p>§ Нақты құнды осы облигациялар шығару Анықтамасында көзделген мерзімдерде алу құқығы.</p> <p>§ Сыйақыны осы облигациялар шығару Анықтамасында көзделген мерзімдерде алу құқығы.</p> <p>§ Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы.</p> <p>§ Қазақстан Республикасының Заңнамасында және осы Анықтамада көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы.</p> <p>§ Облигацияларды иеліктен еркін шығару және</p>

	<p>басқадай жолмен иелік ету құқығы.</p> <p>§ Облигацияға меншік құқығынан туындайтын, ҚР заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.</p>
<p><b>§ мерзімінен бұрын өтеу</b></p>	<p>Облигацияларды мерзімінен бұрын толық және/немесе ішінара өтеу Эмитенттің атқарушы органының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады, бұл жағдайда:</p> <p>§ Облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеу нақты күн бойынша жүзеге асырылады, сонымен бірге олар айналымда болған нақты кезең үшін жинақталған купондық сыйақы төленеді. Облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеу ұстаушыларға қарасты облигациялар санына тепе-тең жүзеге асырылады.</p> <p>§ Облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеу нақты күн бойынша жүзеге асырылады, сонымен бірге олар айналымда болған нақты кезең үшін жинақталған купондық сыйақы төленеді.</p> <p>Эмитенттің Атқарушы органы облигациялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық және/немесе ішінара өтеу туралы шешім қабылдаған кезде Эмитент осы шара қолданылатын күннен 30 (отыз) күн бұрын облигация ұстаушыларға хабарлама жібереді, сондай-ақ «Сентрас Секьюритиз» АҚ қаржы кеңесшісі мен андеррайтерінің сайтында (<a href="http://www.centras.kz">www.centras.kz</a>) апарат береді.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын толық және/немесе ішінара өтеу туралы хабарламада облигацияларды өтеудің шарттары, мерзімі, тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.</p> <p>Мерзімінен бұрын толық және/немесе ішінара өтеу тек облигация ұстаушылар ерікті негізде берген өтініштер негізінде ғана жүзеге асыралатын болады.</p> <p>Мерзімінен бұрын сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушыларда өздеріне қарасты облигацияларды осы Анықтамада көрсетілген осы шығарылым айналымының мерзімі біткеннен кейін өтеу құқығы бар.</p>
<p><b>7) басталған кезінде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:</b></p>	<p>Эмитент облигациялары бойынша дефолт сыйақыны немесе негізгі борышты өтеудің осы Анықтамада белгіленген мерзімі аяқталатын күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде облигациялар бойынша сыйақы (купон) және/немесе нақты күн төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда басталады.</p> <p>Сыйақы және/немесе негізгі борыш Эмитенттің кінәсінен осы Анықтамада белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент осы шығарылымдағы облигацияны ұстаушыларға кешіктірілген әрбір күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ақша міндеттемесі немесе оның бір бөлігі орындалған күнгі айырбастау ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімақы төлейді.</p> <p>Дефолт басталған жағдайда эмитентке Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген жауап-</p>



	кершілік жүктеледі. Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент дефолт туғызған себептерді жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін жұмсайды.
<b>8) Опциондар туралы ақпарат:</b>	Опциондар көзделмеген.

### 39. Айырбасталатын облигациялар.

Осы Анықтамада айырбасталатын облигациялар шығару көзделмеген.

### 40. Облигацияларды орналастыру әдісі:

<b>1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:</b>	
<b>§ Облигацияларды орналастыру мерзімі</b>	Облигациялар бүкіл айналым мерзімі бойы орналастырылады.
<b>§ Облигацияларды орналастыру тәртібі</b>	Облигациялар ҚР заңнамасына сәйкес ұйымдасқан рынокта, сондай-ақ ұйымдаспаған рынокта орналастырылатын болады.
<b>2) Облигацияларды акцияларға айырбастау:</b>	Облигацияларды акцияларға айырбастау көзделмеген.
<b>7) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер</b>	Қаржы кеңесшісі және андеррайтер: «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы (2007 жылғы 25 маусымдағы келісім) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – тіркеу нөмірі: 62155-1910-АО, 31.03.2004 ж. Нақты ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметпен шұғылдану лицензиясы - лицензия нөмірі: 0401200886, 22/09/2004 ж. Мекен-жайы: Алматы қ., Фурманов к., 240Г, Бизнес Орталығы CDC-1, 9-қабат. Тел.: + 7 (327) 259 88 77 Факс: + 7 (327) 259 88 87 e-mail: <a href="mailto:mail@centras.kz">mail@centras.kz</a> web: <a href="http://www.centras.kz">www.centras.kz</a>

### 41. Облигациялар орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:

Облигациялар шығару есебінен түскен қаражат мына мақсаттарға жұмсалады:

№	Ныаналы мақсат	Сума	мың теңге
1.	Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Ахметов көшесі бойында (Алматы қ. әуежай ауданы) әкімшілік-қонақ үй кешенін салу.	1 000 000,0	
2.	Қаскелең қаласында коттедж қалашығын салу.	350 000,0	
3.	Айналымды қаражатты толықтыру.	150 000,0	
<b>Барлық күрделі қаржы жұмсалымы:</b>			<b>2 000 000,0</b>

## 8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

### 42. Облигациялар айналымындағы шектеулер.

Облигациялар орналастыруда шектеулер жоқ.

### 43. Облигациялар шығаруға эмитент шығындарының сомасы және сол шығындардың қалайша төленетіні туралы мәліметтер.

- § Қаржы кеңесшісінің қызметтеріне шығыстар - 5 700 000 теңге (қаржы кеңесшісі мен қызметерін көрсету туралы 2007 жылғы 25 маусымдағы келісімге сәйкес).
- § Аудитор қызметтеріне шығыстар – 360 000 (Үш жүз алпыс мың) теңге (10.05.2007 жылғы аудиторлық есеп, Алматы қ.).
- § Тіркеуші қызметтеріне шығыстар – 2006 жылғы 01 наурыздағы № 627/331 шартқа сәйкес.
- § Листингке қосу жөніндегі шығыстар – «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листинг ережелеріне сәйкес.

Осы шығындар Эмитенттің өз айналым қаражаты есебінен төленетін болады.

### 44. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының Анықтамасымен, облигациялар орналастырудың қорытындылары туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы есеппен, эмитент қызметі туралы жариялау үшін пайдаланылатын ақпаратпен таныса алатын жерлер туралы мәлімет.

«РЭМИКС-Р» АҚ, 050030, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бекмаханов к., 93

тел./факс: +7 (327) 221 44 83, 237 29 14

e-mail: [remixr@mail.ru](mailto:remixr@mail.ru)

Ақпарат жарияланатын газеттер: «Юридическая газета» және «Заң газеті».

Басшы \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

МО